33) құқыққа қайшы контентті (қаржы пирамидаларының әрекеттерін, онлайн-құмар ойындарды және өзге де экономикалық құқық бұзушылықтарды) анықтау мақсатында ақпараттық кеңістікті, соның ішінде Интернет желісін, оны бұғаттау шараларын қабылдай отырып, мониторингтеуді жүзеге асыру;

34) сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде (ҚК-нің 200-бабына сәйкес) жолданатын ұсынымдардың есебін жүргізу;

35) экономикалық (қаржылық) құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жанындағы ведомствоаралық комиссияның жұмысына материалдар дайындау және қатысу;

36) Агенттік арқылы экономикалық (қаржылық) құқық бұзушылықтарды ерте анықтау және олардың профилактикасы әдістемесін әзірлеу және енгізу;

37) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау және істерді қарау, әкімшілік жазалар қолдану;

38) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 19.05.2026 № 137-НҚ бұйрығымен.

15. Департаменттің құқықтары мен міндеттері:

Құқықтары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның құзырына жатқызылған құқық бұзушылықтармен күрес бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте криминалистикалық зерттеулер жүргізу;

3) өз құзыреті шегінде жедел-ізвестіру іс-шараларын жария және жасырын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу;

4) жедел-ізвестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттері барысында жазбаша немесе ауызша шарт бойынша жеке және заңды тұлғалардың, әскери бөлімдердің тұрғын және тұрғын емес үй-жайларын, көлік құралдарын, сондай-ақ өзге де мүлкін, залал келтірілген жағдайда сол залалды, сондай-ақ шығыстарды иелеріне Департаменттің есебінен өтей отырып пайдалану;

5) астыртын ұйымдар құру мақсатында, жедел-ізвестіру қызметі мен жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдардың жұмыскерлерін, бөлімшелерінің, ұйымдарының, үй-жайлары мен көлік құралдарының ведомстволық тиесілігін, сондай-ақ құпия көмекшілердің жеке басын шифрлайтын құжаттарды пайдалану;

6) жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың көлік құралдарын пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

7) қажетті ғылыми-техникалық немесе өзге де арнайы білімі бар лауазымды адамдар мен мамандардың көмегін пайдалану;

8) Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген, коммерциялық, банк және басқа да заңмен қорғалатын құпия ақпаратты ашу талаптарын сақтай отырып, басқа ұйымдардан жеделізвестіру қызметінің міндеттерін шешуге маңызды болап табылатын ақпаратты ақысыз алу және пайдалану;

9) Қазақстан Республикасының аумағында жедел-ізвестіру қызметі мен жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыруға құқығы бар басқа органдармен келісу бойынша Департаменттің күші мен қаражатын жекелеген іс-шаралар жүргізу үшін тартуға;

10) жедел-ізвестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу мақсатында ғана тәуліктің кез келген уақытында ұйымдардың аумағына және үй-жайларына, ал, күзетуді әскери жарғыларға сәйкес әскери қызметшілер, сондай-ақ, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың қызметшілері жүзеге асыратын әскери бөлімдер мен басқа да режимдік объектілердің аумағына – олардың басшыларымен не құрамында режимдік объектілері немесе әскери бөлімдері бар орталық мемлекеттік органдар басшыларымен келісу бойынша кедергісіз кіру;

11) жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында анықталған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді оларды растайтын материалдарды қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тіркеу және (немесе) тергелуі бойынша беру;

12) құқық бұзушылық жасаған адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұстау және Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі органдарының немесе өзге де органдарының қызметтік үй-жайларына жеткізу;

13) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қою, тінту жасау немесе алу;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дыбыс-, бейнежазба, кино-, суретке түсіру, көшірме бедер жасау, баспатаңба, жоспарлар, схемалар және ақпаратты түсіріп алудың басқа да тәсілдерін жүргізу;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы мониторингі органдарына жүктелген функцияларды орындау үшін қаруды, арнайы техникалық және өзге де құралдарды қоса алғанда тауарлар сатып алу;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте дене күшін, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін қолдану, атыс және өзге қаруды, арнайы құралдарды алып жүру, сақтау және қолдану;

17) іс жүргізуде бар материалдар мен қылмыстық істер бойынша құжаттарға, материалдарға, статистикалық ақпаратқа және өзге де мәліметтерге қол жеткізу, сондай-ақ ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды тұлғаларынан, жеке тұлғалардан оларды беруді талап ету, олардың көшірмелерін түсіру, түсініктемелер алу ;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте тиісті уақытша ұстау изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалану;

19) іс жүргізудегі қылмыстық істер бойынша шақыруға келуден жалтарған адамдарды күштеп әкелу;

20) ұсталғандарды және қамауға алынған өзге де адамдарды айдауылмен алып жүру ;

21) Департаменттің қызметкерлерін және жұмыскерлерін даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге құқықтарды жүзеге асыру;

Міндеттері:

23) жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау, тіркеу және қарастыру, олардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру, сондай-ақ оларды жасаған адамдарды ұстау және қоғамға қауіпті зардаптарды болдырмау бойынша шараларды уақтылы қабылдау;

24) Қазақстан Республикасының жедел-ізвестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жедел-ізвестіру іс-шараларын жүзеге асыру;

25) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыру;

26) жедел-ізвестіру қызметінің міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін жедел есепке алуларды және ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану;

27) жеке және заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін, меншікті, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау және оның экономикалық әлеуетін нығайту үшін құзыретіне сәйкес қажетті шаралар қабылдау;

28) жедел-іздігіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру арқылы құқық бұзушылықтардың алдын алуды, оларды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді, олардың нәтижесін қылмыстық процесте пайдалану үшін тіркеуді қамтамасыз ету;

29) қылмыстық іс бойынша жасырынған сотталушыны және азаматтық іс бойынша жауапкерді, жазасын өтеуден немесе пробациялық бақылаудан жалтарып жүрген адамды іздестіру туралы сот актілерін, сондай-ақ сот орындаушыларының прокурор санкциялаған атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерді іздестіру туралы қаулыларын орындау;

30) қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер төнгенін дәлелдейтін өздеріне белгілі болған жәйттер мен деректерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына дер кезінде хабарлау;

31) құқықтық көмек туралы шарттар (келісімдер) негізінде тиісті халықаралық құқық қорғау ұйымдары мен шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының сұрау-салуларын орындау;

32) жедел-іздігіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде, сондай-ақ жүргізілген жедел-іздігіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін көрсететін материалдарды қылмыстық процесте пайдалану үшін беру кезінде құпиялылықты қамтамасыз ету және ақпарат көздерінің құпиясын ашуға жол бермеу жөніндегі қажетті шараларды қолдану;

33) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаларды жасау және істерді қарау, әкімшілік жазаларды қолдану, әкімшілік ұстауларды жүзеге асыру, сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да шараларды қолдану;

34) өз қызметі процесінде алынған қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды сақтаудың, қорғаудың тиісті режимін және сақталуын қамтамасыз ету;

35) қаржы мониторингін жүзеге асыру процесінде адамның және азаматтың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету;

36) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімде қаржы мониторингі органының және (немесе) қаржы мониторингі органы лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарау;

37) Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның құзырына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар келтірген мүлктік зиянның орнын толтыруды қамтамасыз ету үшін құзыреті шегінде шаралар қабылдау;

38) қылмыстық процеске қатысатын тұлғаларды мемлекеттік қорғау мақсатында заңдарда қарастырылған шараларды қабылдау;

39) заңнамада белгіленген тәртіпте негізгі функциялар мен міндеттерді іске асыру үшін қажетті ақпаратты Агенттікке ұсыну;

40) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 19.05.2026 № 137-НҚ; 17.06.2026 № 167-НҚ бұйрықтарымен.

3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент басшысының өкілеттігі:

1) Департаментке жүктелген міндеттерге сәйкес оның қызметін ұйымдастырады және жалпы басшылықты жүзеге асырады;

2) еңбек қатынастары мәселелері Агенттіктің құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Департамент қызметкерлері мен жұмыскерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) Департаменттің қызметкерлері мен жұмыскерлерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру мәселелерін, өзінің құзыретіне жатқызылған қызметкерлері мен жұмыскерлердің еңбек қатынастары мәселелерін шешеді;

4) өңір шегінде өзіне және өзінің орынбасарларына қатысты іссапарға жіберу мәселелерін шешеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте еңбек қатынастары мәселелері өзінің құзыретіне жатқызылған Департаменттің қызметкерлері мен жұмыскерлеріне тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қолданады ;

6) өз құзыреті шегінде Департаменттің қызметкерлері мен жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті құқықтық актілер шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен қарым-қатынастарда Департамент атынан өкілдік етеді;

8) Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін және қызметкерлері мен жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

9) Департаментте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды;

10) бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады;

11) Агенттікке берілетін ақпараттың дұрыстығына дербес жауапты болады;

12) Департаменттің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

13) Агенттікке Департаменттің қызметкерлері мен жұмыскерлерін мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапаттау туралы ұсыныстар енгізеді;

13-1) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды және әкімшілік жазаларды қолданады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 19.05.2026 № 137-НҚ бұйрығымен.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

20. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүліктің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақша кірісін қоса алғанда) және өзге де көздер есебінен құралады.

21. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

22. Департаменттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

23. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг
агенттігі Төрағасының
2021 жылғы 25 ақпандағы
№ 2 бұйрығына
21-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Ұлытау облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті туралы ереже

Ескерту. Бұйрық 21-қосымшамен толықтырылды – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 10.08.2022 № 262-НҚ бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Ұлытау облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның құзырына жатқызылған экономикалық және қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бойынша іске асыру функцияларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) аумақтық органы болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент республикалық мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы бола алады.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Департамент басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 100600, Қазақстан Республикасы, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Абай көшесі, 144 ғимарат.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Ұлытау облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке өз функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мақсатында кәсіпкерлік субъектілерімен келісімшарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер заңдар Департаментке табыс әкелетін қызмет жүргізу құқығын берсе, онда сол қызметтен алынған табыс мемлекеттік бюджет кірісіне жолданады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 17.06.2026 № 167-НҚ бұйрығымен.

2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Департаменттің міндеттері:

1) жеке және заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның құзырына жатқызылған экономикалық және қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру;

21) экономикалық (қаржылық) құқық бұзушылық тәуекелдеріне жүйелі мониторинг жүргізу және оларды анықтау;

22) экономикалық (қаржылық) құқық бұзушылық профилактикасы және оның алдын алу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 19.05.2026 № 137-НҚ бұйрығымен.

14. Департаменттің функциялары:

1) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге де ақпаратты қабылдау, тіркеу және қарау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның құзырына жатқызылған құқық бұзушылықтарға сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу;

3) Қазақстан Республикасының жедел-іздістіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жедел-іздістіру іс-шараларын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

4) қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында белгіленген тәртіпте қылмыстық-процестік қызметті қамтамасыз етуге байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның құзырына жатқызылған құқық бұзушылықтар жөніндегі қылмыстық істер бойынша тәркіленген және қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті мемлекеттің кірісіне айналдыру туралы ақпаратты кейіннен жариялай отырып өткізуге мониторингті жүзеге асыру;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның құзырына жатқызылған құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру тұрғысынан әлеуметтік-экономикалық саладағы криминогендік жағдайды талдау;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның құзырына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес нысандары мен әдістерін жетілдіру;

9) басқа құқық қорғау және арнаулы органдардан келіп түскен өтінішхаттар мен сұрау салуларды орындау;

10) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның құзырына жатқызылған құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру мәселелері бойынша басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның құзырына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес мәселелері бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара іс-қимыл жасау және өз өкілеттіктері шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу;

12) ақпараттық қауіпсіздік саясатын іске асыру, Департаменттің техникалық және ақпараттық қызметін қамтамасыз ету және жетілдіру;

13) Департаментке жүктелген міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді пайдалану;

14) Департаменттің әкімшілік ғимараттарын күзету режимін және өткізу режимін қамтамасыз ету;

15) Департаменттің қару-жарағына кіретін қарулардың, оқ-дәрілердің, арнайы қорғау құралдарының сақталуын есепке алу және бақылау;

16) бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар туындаған кезде жұмылдыру даярлығы, Департамент жұмысының тұрақтылығын арттыру;

17) мемлекеттік құпияларды қорғауды қамтамасыз ету және құпиялылық режимін сақтау;

18) Департамент жеке құрамының арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы, алдын алу және жолын кесу;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге функцияларды жүзеге асыру;

19) әлеуметтік-экономикалық саланы мониторингтеуді жүзеге асыру және мына бағыттар бойынша алдын алу шараларын қабылдау:

қаржы пирамидаларының қызметі;

номиналды заңды тұлғаларды құру және пайдалану;

дропперлік;

лотереяларды заңсыз ұйымдастыру және өткізу;

онлайн-казиноның жарнамасы;

20) "Геопорталды" пайдалана отырып, өңірлерде деректерді цифрлау арқылы алдын алу жұмыстарын жүзеге асыру (алкогольдің заңсыз айналымын болдырмау, жер қойнауын пайдалану, ауыл шаруашылығы, құрылыс, жол саласында, абаттандыру мен қар тазалау жұмыстарына бюджет қаражатын қысқарту және т.б.);

21) Талдамалық құралдарды пайдалана отырып, мемлекеттік шығыстарды қысқарту бойынша алдын алу мониторингін жүргізу (өнімсіз делдалдарды болдырмау, мемлекеттік кәсіпорындар мен квазимемлекеттік секторда тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізу туралы шарттарды қайта қарау, инфрақұрылымдық және әлеуметтік объектілердің жобалық-сметалық құжаттамасын түзету, әлеуметтік маңызы бар өнімдер мен тауарлар нарығында алыпсатарлық схемалардың жолын кесу және т.б.);

22) азаматтардың жеке өміріне және әлеуметтік-экономикалық жағдайды мониторингтеуді қамтитын мемлекеттік органдардың, мемлекеттік ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне араласпай, қашықтан мониторинг жүргізу, экономикалық (қаржылық) құқық бұзушылық призмасы арқылы ден қою шараларын әзірлей отырып өңір мен азаматтардың жүйелік және әлеуметтік проблемаларын анықтау;

23) сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде (ҚПК-нің 200-бабы шеңберінде) көрсетілген себептер мен шарттарды жою бойынша ұсыныстарды жергілікті атқарушы органдарға енгізе отырып, қылмыстық істерге "көлеңкелі" схемаларды және олардың жасалуына ықпал ететін шарттарды анықтау тұрғысынан талдау жүргізу;

24) құқық бұзушылықтарды жасау тәуекелдерін болжау және жергілікті атқарушы органдарға ұсыныстар енгізе отырып, жедел мүдделі объектілерде профилактика шараларын әзірлеу арқылы жедел жағдайды талдау;

25) экономикалық (қаржылық) құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, қаржы мониторингі субъектілерімен, салалық қауымдастықтармен және қоғамдық бірлестіктермен, жастар ұйымдарымен және еріктілер қозғалыстарымен, азаматтық қоғам институттарымен, сондай-ақ танымал әлеуметтік желілердің, мессенджерлердің, IT-компаниялардың иеленушілерімен және инфлюенсерлермен өзара іс-қимыл жасау (жұмыс кездесулерін өткізу, меморандумдар жасасу, жоспарлар мен өзара іс-қимыл жасаудың өзге де нысандарын әзірлеу);

26) медиа тұлғалар мен танымал блогерлерді тарту арқылы тақырыптық форумдар өткізу, насихаттау арқылы тақырыптық роликтер мен басқа контент жасау (орын алып отырған тәуекелдер мен қауіп-қатерлер туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысы);

27) экономикалық (қаржылық) құқық бұзушылықтың алдын алу және жолын кесуге бағытталған профилактикалық, соның ішінде ведомствоаралық және халықаралық шараларды өткізу;

28) тіркелуі жарамсыз деп танылған, мәмілелері жарамсыз деп танылған, салықтарды қайтарып алу және электрондық шот – фактураларды бұғаттау бойынша жұмысты ұйымдастыру;

29) құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін әлеуметтік-экономикалық себептер мен шарттарды анықтау және жою арқылы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға бағытталған экономикалық (қаржылық) құқық бұзушылық профилактикасы бойынша жалпы шараларды қабылдау, соның ішінде:

халық арасында жүйелі ақпараттық-түсіндіру және идеологиялық жұмыс жүргізу, сондай-ақ субъектіге бағдарланған тәсілді қолдана отырып, қаржылық сауаттылықты арттыру (еңбек ұжымдарында қаржы пирамидаларының таралу ошақтарын анықтау, кәсіби салымшыларды айқындау және өзге шаралар) және азаматтарды экономикалық (қаржылық) құқық бұзушылықтың тәуекелдері мен қауіптері туралы бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер, мессенджерлер және қоғамда заңсыз іс-әрекеттерге (ақша қаражатын қолма-қол ақшаға айналдыру, қаржы пирамидаларын ұйымдастыру, онлайн-казино қызметі, салықтарды төлеуден жалтару, бюджет қаражатын жымқыру және өзге де құқық бұзушылықтар) тұрақты теріс көзқарасты қалыптастыруға бағытталған басқа IT-құралдар (репортаждар, подкасттар, бейнероликтер, LED-экрандарда, кинотеатрларда, ХҚКО-да, екінші деңгейдегі банктерде және басқа қоғамдық орындарда орналастырылған жарияланымдар) арқылы хабардар ету;

экономикалық (қаржылық) құқық бұзушылық профилактикасы бойынша ресурстарды негізді бөлу және нақты шараларды әзірлеу мақсатында IT-технологияларды, жасанды интеллект құралдарын қолдану және қылмыстық статистиканы талдаудың заманауи цифрлық әдістерін енгізу және тұрақты үрдістерді анықтау арқылы іске асырылатын ғылым мен техниканың жетістіктерін интеграциялау;

30) Қаржы пирамидаларына, дропперлікке, заңсыз лотерея қызметіне, онлайн-казино жарнамасына қатысу және номиналды компанияларды тіркеу мәселелері бойынша профилактикалық әңгімелесулер жүргізуді, ресми алдын ала ескертулер жасауды, сондай-ақ көрсетілген қызмет түрлеріне қатысы бар адамдарға, экономикалық (қаржылық) қылмыстар үшін сотталған, бірақ бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалмаған адамдарға және бостандыққа адамдарға қатысты – соттылығы жойылғанға немесе жазасы алынып тасталғанға дейін – профилактикалық есепке қоюды және профилактикалық бақылауды қамтитын экономикалық (қаржылық) құқық бұзушылық профилактикасы бойынша жеке шараларды қабылдау;

31) заңсыз әрекеттердің жекелеген түрлері бойынша (ақша қаражатын қолма-қол ақшаға айналдыру, қаржы пирамидаларын ұйымдастыру, онлайн-казино және өзгелері) ғылыми және әлеуметтік зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу, құқық бұзушылық профилактикасы саласында мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін жетілдіруге бағытталған бағдарламалар мен әдістемелер әзірлеу (жалған шот-фактураларды жазу, салықты төлеуден жалтару, кедендік құқық бұзушылықтар,

бюджет қаражатын жымқыру және басқалары), сондай-ақ құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің оң, соның ішінде шетел тәжірибесін жинақтау және тарату арқылы экономикалық құқық бұзушылық профилактикасы бойынша арнайы шараларды қабылдау;

32) экономикалық (қаржылық) құқық бұзушылықтың виктимологиялық профилактикасы шараларын:

дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған заңсыз іс-әрекеттер (қолма-қол ақшаға айналдыру компанияларын, салықтарды төлеуден жалтару схемаларын құру, салымшыларды қаржы пирамидаларына белсенді тарту, контрабандалық тауарларды өткізу, вейп өнімдерін сату және басқалары) туралы ақпарат алу мақсатында сенім телефондарын, "жедел желілерді", телеграм-арналарды және басқа байланыс арналарын ұйымдастыру;

профилактикалық бағдарламалар мен іс-шаралардың жобаларын жалпы талқылауды ұйымдастыру, оларды өткізу кезінде туындайтын проблемалар мен кемшіліктерді анықтау және жою мақсатында веб-сайттар, блогтар, чаттар ұйымдастыру және интернет желісінде бейнероликтерді тарату арқылы шаралар қабылдау;

құқық бұзушылықтардан (ақша қаражатын қолма-қол ақшаға айналдыру, қаржы пирамидаларын, онлайн-казино ұйымдастыру және басқалары) зардап шеккендерді анықтау және қорғау бойынша шаралар қабылдау;

33) құқыққа қайшы контентті (қаржы пирамидаларының әрекеттерін, онлайн-құмар ойындарды және өзге де экономикалық құқық бұзушылықтарды) анықтау мақсатында ақпараттық кеңістікті, соның ішінде Интернет желісін, оны бұғаттау шараларын қабылдай отырып, мониторингтеуді жүзеге асыру;

34) сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде (ҚК-нің 200-бабына сәйкес) жолданатын ұсынымдардың есебін жүргізу;

35) экономикалық (қаржылық) құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жанындағы ведомствоаралық комиссияның жұмысына материалдар дайындау және қатысу;

36) Агенттік арқылы экономикалық (қаржылық) құқық бұзушылықтарды ерте анықтау және олардың профилактикасы әдістемесін әзірлеу және енгізу;

37) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау және істерді қарау, әкімшілік жазалар қолдану;

38) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 19.05.2026 № 137-НҚ бұйрығымен.

15. Департаменттің құқықтары мен міндеттері:

Құқықтары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның құзырына жатқызылған құқық бұзушылықтармен күрес бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте криминалистикалық зерттеулер жүргізу;

3) өз құзыреті шегінде жедел-ізвестіру іс-шараларын жария және жасырын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу;

4) жедел-ізвестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттері барысында жазбаша немесе ауызша шарт бойынша жеке және заңды тұлғалардың, әскери бөлімдердің тұрғын және тұрғын емес үй-жайларын, көлік құралдарын, сондай-ақ өзге де мүлкін, залал келтірілген жағдайда сол залалды, сондай-ақ шығыстарды иелеріне Департаменттің есебінен өтей отырып пайдалану;

5) астыртын ұйымдар құру мақсатында, жедел-ізвестіру қызметі мен жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдардың жұмыскерлерін, бөлімшелерінің, ұйымдарының, үй-жайлары мен көлік құралдарының ведомстволық тиесілігін, сондай-ақ құпия көмекшілердің жеке басын шифрлайтын құжаттарды пайдалану;

6) жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың көлік құралдарын пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

7) қажетті ғылыми-техникалық немесе өзге де арнайы білімі бар лауазымды адамдар мен мамандардың көмегін пайдалану;

8) Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген, коммерциялық, банк және басқа да заңмен қорғалатын құпия ақпаратты ашу талаптарын сақтай отырып, басқа ұйымдардан жеделізвестіру қызметінің міндеттерін шешуге маңызды болап табылатын ақпаратты ақысыз алу және пайдалану;

9) Қазақстан Республикасының аумағында жедел-ізвестіру қызметі мен жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыруға құқығы бар басқа органдармен келісу бойынша Департаменттің күші мен қаражатын жекелеген іс-шаралар жүргізу үшін тартуға;

10) жедел-ізвестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу мақсатында ғана тәуліктің кез келген уақытында ұйымдардың аумағына және үй-жайларына, ал, күзетуді әскери жарғыларға сәйкес әскери қызметшілер, сондай-ақ, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың қызметшілері жүзеге асыратын әскери бөлімдер мен басқа да режимдік объектілердің аумағына – олардың басшыларымен не құрамында режимдік объектілері немесе әскери бөлімдері бар орталық мемлекеттік органдар басшыларымен келісу бойынша кедергісіз кіру;

11) жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында анықталған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді оларды растайтын материалдарды қоса бере

отырып, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде тіркеу және (немесе) тергелуі бойынша беру;

12) құқық бұзушылық жасаған адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұстау және Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі органдарының немесе өзге де органдарының қызметтік үй-жайларына жеткізу;

13) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қою, тінту жасау немесе алу;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дыбыс-, бейнежазба, кино-, суретке түсіру, көшірме бедер жасау, баспатаңба, жоспарлар, схемалар және ақпаратты түсіріп алудың басқа да тәсілдерін жүргізу;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы мониторингі органдарына жүктелген функцияларды орындау үшін қаруды, арнайы техникалық және өзге де құралдарды қоса алғанда тауарлар сатып алу;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте дене күшін, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін қолдану, атыс және өзге қаруды, арнайы құралдарды алып жүру, сақтау және қолдану;

17) іс жүргізуде бар материалдар мен қылмыстық істер бойынша құжаттарға, материалдарға, статистикалық ақпаратқа және өзге де мәліметтерге қол жеткізу, сондай-ақ ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды тұлғаларынан, жеке тұлғалардан оларды беруді талап ету, олардың көшірмелерін түсіру, түсініктемелер алу ;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте тиісті уақытша ұстау изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалану;

19) іс жүргізудегі қылмыстық істер бойынша шақыруға келуден жалтарған адамдарды күштеп әкелу;

20) ұсталғандарды және қамауға алынған өзге де адамдарды айдауылмен алып жүру ;

21) Департаменттің қызметкерлерін және жұмыскерлерін даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге құқықтарды жүзеге асыру;

Міндеттері:

23) жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау, тіркеу және қарастыру, олардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру, сондай-ақ оларды жасаған адамдарды ұстау және қоғамға қауіпті зардаптарды болдырмау бойынша шараларды уақтылы қабылдау;

24) Қазақстан Республикасының жедел-ізвестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жедел-ізвестіру іс-шараларын жүзеге асыру;

25) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыру;

26) жедел-ізвестіру қызметінің міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін жедел есепке алуларды және ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану;

27) жеке және заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін, меншікті, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау және оның экономикалық әлеуетін нығайту үшін құзыретіне сәйкес қажетті шаралар қабылдау;

28) жедел-ізвестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру арқылы құқық бұзушылықтардың алдын алуды, оларды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді, олардың нәтижесін қылмыстық процесте пайдалану үшін тіркеуді қамтамасыз ету;

29) қылмыстық іс бойынша жасырынған сотталушыны және азаматтық іс бойынша жауапкерді, жазасын өтеуден немесе пробациялық бақылаудан жалтарып жүрген адамды ізвестіру туралы сот актілерін, сондай-ақ сот орындаушыларының прокурор санкциялаған атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерді ізвестіру туралы қаулыларын орындау;

30) қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер төнгенін дәлелдейтін өздеріне белгілі болған жәйттер мен деректерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына дер кезінде хабарлау;

31) құқықтық көмек туралы шарттар (келісімдер) негізінде тиісті халықаралық құқық қорғау ұйымдары мен шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының сұрау-салуларын орындау;

32) жедел-ізвестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде, сондай-ақ жүргізілген жедел-ізвестіру іс-шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін көрсететін материалдарды қылмыстық процесте пайдалану үшін беру кезінде құпиялылықты қамтамасыз ету және ақпарат көздерінің құпиясын ашуға жол бермеу жөніндегі қажетті шараларды қолдану;

33) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаларды жасау және істерді қарау, әкімшілік жазаларды қолдану, әкімшілік ұстауларды жүзеге асыру, сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да шараларды қолдану;

34) өз қызметі процесінде алынған қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды сақтаудың, қорғаудың тиісті режимін және сақталуын қамтамасыз ету;

35) қаржы мониторингін жүзеге асыру процесінде адамның және азаматтың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету;

36) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімде қаржы мониторингі органының және (немесе) қаржы мониторингі органы лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарау;

37) Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның құзырына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар келтірген мүліктік зиянның орнын толтыруды қамтамасыз ету үшін құзыреті шегінде шаралар қабылдау;

38) қылмыстық процеске қатысатын тұлғаларды мемлекеттік қорғау мақсатында заңдарда қарастырылған шараларды қабылдау;

39) заңнамада белгіленген тәртіпте негізгі функциялар мен міндеттерді іске асыру үшін қажетті ақпаратты Агенттікке ұсыну;

40) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 19.05.2026 № 137-НҚ; 17.06.2026 № 167-НҚ бұйрықтарымен.

3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент басшысының өкілеттігі:

1) Департаментке жүктелген міндеттерге сәйкес оның қызметін ұйымдастырады және жалпы басшылықты жүзеге асырады;

2) еңбек қатынастары мәселелері Агенттіктің құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Департамент қызметкерлері мен жұмыскерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) Департаменттің қызметкерлері мен жұмыскерлерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру мәселелерін, өзінің құзыретіне жатқызылған қызметкерлері мен жұмыскерлердің еңбек қатынастары мәселелерін шешеді;

4) өңір шегінде өзіне және өзінің орынбасарларына қатысты іссапарға жіберу мәселелерін шешеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте еңбек қатынастары мәселелері өзінің құзыретіне жатқызылған Департаменттің қызметкерлері мен жұмыскерлеріне тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қолданады ;

- 6) өз құзыреті шегінде Департаменттің қызметкерлері мен жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті құқықтық актілер шығарады және нұсқаулар береді;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен қарым-қатынастарда Департамент атынан өкілдік етеді;
- 8) Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін және қызметкерлері мен жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
- 9) Департаментте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды;
- 10) бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады;
- 11) Агенттікке берілетін ақпараттың дұрыстығына дербес жауапты болады;
- 12) Департаменттің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 13) Агенттікке Департаменттің қызметкерлері мен жұмыскерлерін мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапаттау туралы ұсыныстар енгізеді;
- 13-1) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды және әкімшілік жазаларды қолданады;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 19.05.2026 № 137-НҚ бұйрығымен.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

20. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүліктің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақша кірісін қоса алғанда) және өзге де көздер есебінен құралады.

21. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

22. Департаменттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

23. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК